



УДК 902.904 (574)
МРНТИ 03.91.41

<https://doi.org/10.52967/akz2022.3.17.91.102>

2019 және 2022 жж. ортағасырлық Жанкент қала-жұрты маңына жүргізілген археологиялық барлау жұмыстары жайлы

© 2022 ж. Тәжекеев Ә.Ә., Сұлтанжанов Ж.Қ.

Keywords: archaeology, Zhankent, «swamp settlements», Aral Sea region, medieval settlement, Syrdarya

Түйін сөздер: археология, Жанкент, «батпақтағы қалалар», Арал маңы, қала-жұрт, Сырдария

Ключевые слова: археология, Жанкент, «болотные города», Приаралье, городище, Сырдарья

Azilkhan Tazhekeyev¹, Zhetesbi Sultanzhanov^{1*}

¹PhD, Head of the Research Center «Archaeology and Ethnography»,
Kyzylorda University named after Korkyt Ata,

Kyzylorda, Kazakhstan. E-mail: a.tazhekeyev@gmail.com

^{1*}Corresponding author, Master of History, Research Fellow,
Research Center «Archaeology and Ethnography», Kyzylorda University named after Korkyt Ata,
Kyzylorda, Kazakhstan. E-mail: zhetesbi.sultanzhanov@mail.ru

On archaeological exploration work carried out in the vicinity of the medieval settlement Zhankent in 2019 and 2022

Abstract. The article presents the results of new exploratory research conducted in the vicinity of the settlement of Zhankent. Since the Middle Ages, the monument has been under the constant attention of merchants, military travelers and statesmen. Medieval authors consider it as the residence of the Oghuz state. In the 18th–19th centuries, the main route of military topographic expeditions of tsarist Russia to Central Asia passed through Zhankent, and their reports contain information about the ruins of the city. Some military travelers even conducted small excavations. Among them, we can mention Lieutenant Colonel A. Maksheev, who left detailed information about toponyms and monuments near Zhankent. The surroundings of this monument were first archaeologically studied by the Khorezm archaeological and Ethnographic expedition led by S. Tolstov, and since 2005, the staff of the Kyzylorda University named after Korkyt Ata have conducted comprehensive research in cooperation with Russian and German scientists. In general, historical data indicates that in the 6th–7th centuries in the lower reaches of the Syrdarya there is a decline of the Zhetyasar culture. However, in the north-western part of the Zhetyasar tract, a group of Ordaza monuments is being formed (Sortobe 1–3 settlements) and on the eastern coast of the Aral Sea – the cities of Kesken-Kuyuk Kala, Kuyuk Kala and Zhankent, belonging to the culture of “swamp settlements”. Exploration works in 2019 and 2022 in the Zhankent area show that there are still undiscovered monuments in this area. For example, as a result of archaeological research, the new cities of Karatobe and Asartobe and the trade routes connecting them were identified. Another purpose of the exploration was to search for the burial ground where the residents of Zhankent were buried.

Citation: Tazhekeyev, A., Sultanzhanov, Zh. 2022. On archaeological exploration work carried out in the vicinity of the medieval settlement Zhankent in 2019 and 2022. *Kazakhstan Archeology*, 3 (17), 91–102 (in Kazakh). DOI: [10.52967/akz2022.3.17.91.102](https://doi.org/10.52967/akz2022.3.17.91.102)



Әзілхан Әуезханұлы Тәжекеев¹,
Жетесби Қанапияұлы Сұлтанжанов^{1*}

¹PhD, «Археология және этнография» ғылыми орталығының жетекшісі, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан
^{1*}корреспондент авторы, тарих магистрі, «Археология және этнография» ғылыми орталығының ғылыми қызметкері, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

2019 және 2022 жж. ортағасырлық Жанкент қала-жұрты маңына жүргізілген археологиялық барлау жұмыстары жайлы

Аннотация. Мақалада Жанкент қала-жұрты маңына жүргізілген жаңа археологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері берілген. Жанкент ортағасырлардан бастап саудагерлердің, әскери саяхатшылар мен мемлекеттік қызметшілердің үнемі назарында болған. Ортағасырлық авторлар оны оғыз мемлекетінің ордасы ретінде қарастырады. XVIII–XIX ғғ. патшалық ресейдің Орта Азияға жасаған әскери-топографиялық экспедицияларының негізгі жолы Жанкент үстімен өтіп, олар қала-жұрт қирандысы жайлы мәліметтер беріп отырған. Тіпті кейбір әскери саяхатшылар шағын қазба жұмыстарын да жүргізген. Жанкент маңының жер-су атаулары мен ескерткіштері жайлы толығырақ дерек қалдырған подполковник А.И. Макшеевті айтуға болады. Ескерткіш маңын археологиялық тұрғыда алғаш С.П. Толстовтың жетекшілігімен Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы зерттеді. 2005 ж. бастап Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті орыс, неміс ғалымдарымен бірлесіп кешенді зерттеулерді жүргізіп келеді. Жалпы, тарихи деректер VI–VII ғғ. Сырдарияның төменгі алқабында жетіасар мәдениетінің жойылғанын айғақтайды. Дегенмен, Жетіасар шатқалының солтүстік-батыс бөлігінде Ордазы ескерткіштер тобы (Сортөбе 1–3 қала-жұрттары) және Арал теңізінің шығыс жағалауында «Батпақты қалалар» мәдениетіне тиесілі Кескен-күйік қала, Күйік қала, Жанкент қалыптаса бастайды. Мақалада келтірілгендей 2019 және 2022 жж. Жанкент маңына жүргізілген барлау жұмыстары әлі де болса бұл аймақта ашылмаған ескерткіштердің бар екенін көрсетіп отыр. Мысалы, археологиялық барлау нәтижелерінде Қаратөбе мен Асартөбе жаңа қала-жұрттары және оларды байланыстырған сауда жолдары анықталды. Барлау жұмыстарының тағы бір мақсаты, осы уақытқа дейін анықталмаған Жанкент тұрғындарын жерлеген қорымының орнын табу болды.

Сілтеме жасау үшін: Тәжекеев Ә.Ә., Сұлтанжанов Ж.Қ. 2019 және 2022 жж. ортағасырлық

Азилхан Ауезханұлы Тәжекеев¹,
Жетесби Қанапияевич Сұлтанжанов^{1*}

¹PhD, руководитель научного центра «Археология и этнография», Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан
^{1*}Магистр истории, научный сотрудник, научный центр «Археология и этнография», Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

Об археологических разведках, проведенных в окрестностях средневекового городища Жанкент в 2019 и 2022 гг.

Аннотация. В статье представлены результаты новых разведочных исследований, проведенных в окрестностях городища Жанкент. С эпохи средневековья памятник находился под постоянным вниманием купцов, военных путешественников и государственных деятелей. Средневековые авторы считают его резиденцией Огузского государства. В XVIII–XIX вв. через Жанкент проходил основной маршрут военно-топографических экспедиций царской России в Среднюю Азию, и в их отчетах есть сведения о руинах города. Некоторые военные путешественники даже проводили небольшие раскопки. Среди них можно упомянуть подполковника А.И. Макшеева, оставившего подробные сведения о топонимах и памятниках близ Жанкента. Окрестности данного памятника были впервые археологически изучены Хорезмской археолого-этнографической экспедицией под руководством С.П. Толстова, а с 2005 г. сотрудники Кызылординского университета имени Коркыт Ата проводят комплексные исследования в сотрудничестве с российскими и немецкими учеными. В целом исторические данные свидетельствуют о том, что в VI–VII вв. в низовьях Сырдарьи происходит упадок Жетыасарской культуры. Однако в северо-западной части урочища Жетыасар формируется группа памятников Ордазы (городища Сортөбе 1–3) и на восточном побережье Аральского моря – города Кескен-куюк кала, Куюк кала и Жанкент, относящихся к культуре «болотных городищ». Разведочные работы 2019 и 2022 гг. в районе Жанкента показывают, что в этой местности до сих пор есть неоткрытые памятники. Например, в результате археологических исследований были выявлены новые города Каратөбе и Асартөбе и соединяющие их торговые пути. Другой целью разведки был поиск места могильника, где были захоронены жители Жанкента.

Для цитирования: Тәжекеев А.А., Сұлтанжанов Ж.К. Об археологических разведках, прове-



Жанкент қала-жұрты маңына жүргізілген археологиялық барлау жұмыстары жайлы. *Қазақстан археологиясы*. 2022. № 3 (17). 91–102-бб. DOI: 10.52967/akz2022.3.17.91.102

денных в окрестностях средневекового городища Жанкент в 2019 и 2022 гг. *Археология Казахстана*. 2022. № 3 (17). С. 91–102 (на каз. яз.). DOI: 10.52967/akz2022.3.17.91.102

1 Кіріспе (Тәжекеев Ә.Ә., Сұлтанжанов Ж.К.)

Жанкент қала-жұрты орналасқан оазисте алғаш рет 1946 ж. Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының археологиялық барлау тобы барлау жұмыстарын жүргізген. Экспедиция барысында әуеден фотосы түсіріліп, археологиялық деректер жинақталып, нәтижелері әртүрлі еңбектерде жарияланды [Толстов 1947: 57–62; 1948: 211; 1962: 198–200]. Алынған керамикалық деректер бойынша С.П. Толстов Жанкентті антикалық кезеңнен (б.д. басынан) X–XI ғғ. аралығында үздіксіз өмір сүрген деп мерзімдеді [Толстов 1947: 63]. Зерттеуші жазба деректердің негізінде, соңғы өмір сүру кезеңінде (X–XI ғғ.) қала «оғыздар патшасының» ордасы болған деп көрсетеді [Толстов 1947: 56; 1948: 246; 1962: 198].

Хорезм экспедициясының барлау жұмыстарының нәтижелері бойынша С.П. Толстов осы оазисте орналасқан ірі қалаларды «Батпақты қалалар» мәдениеті деген атау берді. Оғыз кезеңінің «батпақты қалалары» Қазалының оңтүстігінде жатқан жоспары үшбұрышты келген түбекте орналасқан. Арал теңізінің бұл түбегі солтүстігінде Сырдария арнасымен, батысында Арал теңізімен және оңтүстік-шығысында Қуандария өзенінің ежелгі арнасы құятын батпақты, қамысты аумақпен (Бозкөл шатқалы) шектеседі (1-сур, 1).

Бұл қалалардың ішінде ең ірісі Кескен-күйік қала, содан кейін Жанкент және Күйік қала болып табылады (2-сур). Барлығы дерлік пішіні төртбұрышты, дуалмен және ормен қоршалған. Әрқайсында ірі көлемді цитадель орналасқан (250×250, 50×50 м). Атап кететін жайт, Кескен-күйік қала мен Күйік қаланың Жанкентпен мерзімдес (IX–XI ғғ.) археологиялық деректерімен қатар, жетіасар мәдениетіне (б.д. I мыңж. басы мен VIII ғ.) өте жақын VII–IX ғғ. қамтитын деректердің басымдылығы бар.

2000 жылдары К.М. Байпақовтың жетекшілігімен Жанкент, Кескен күйік қала, Жент, т. б. ескерткіштерде ішінара үзілістермен археологиялық зерттеулер жүрді [Байпаков, Воякин 2009: 26–33; Байпаков и др. 2012: 22–44; Байпаков 2013].

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Жанкент археологиялық экспедициясының жеке археологиялық барлау отряды 2010 ж. шілде, тамыз айларында Ә.Ә. Тәжекеевтың жетекшілігімен Жанкент қала-жұртының маңына зерттеу жұмыстарын жүргізді. Барлау жұмыстары барысында 30-дан аса нүкте есепке алынды.

Барлау жұмыстары нәтижесінде Ортағасырлық Жанкент қала-жұрты оазисінде орналасқан ескерткіштерді үш кезеңге бөліп қарастырылды:

1. С.П. Толстовтың пікірі бойынша «батпақты қалалар», б.д. I мыңж. екінші жартысының аяғы – XI ғ. [Толстов 1962: 198].


2. Алтын Орда дәуірімен мерзімделетін ескерткіштер (шамамен XIV–XVI ғғ.).

3. Кейінгі ортағасырлық архитектуралық (мавзолей) ескерткіштер (XVIII аяғы – XIX ғ.) [Тәжекеев 2011: 74–79].

2 Әдістер мен материалдар

2.1 Әдістер (Тәжекеев Ә.Ә.)

2019 ж. тамыз айында Жанкент қала-жұртының маңына қайта барлау жұмыстары барысында жоғарыда аталған ескерткіштерден бөлек екі қала-жұрт орны анықталды. Бұл ескерткіштер




1-сур. 1 – «Батпақты қалалар» орналасуы ([Толстов 1962]: бойынша); 2 – Жанкент қала-жұртының әуеден түсірілген көрінісі (Жанкент археологиялық экспедициясы қорынан алынған)


Fig. 1. 1 – Location of “Swamp settlements” (after: [Tolstov 1962]); 2 – Aerial view of the town of Zhankent (from the fund of the Zhankent archaeological expedition)

Рис. 1. 1 – Месторасположение «Болотных городищ» (по: [Толстов 1962]);

2 – Вид с птичьего полета на городище Жанкент (из фонда Жанкентской археологической экспедиции)



1



2

3


2-сур. «Батпақты қалалар» жоспары. 1 – Жанкент (Жанкент археологиялық экспедициясы қорынан алынған); 2 – Кескен күйік қала ([Толстов 1947: 63]: бойынша); 3 – Күйік қала [Толстов 1947: 64]: бойынша

Fig. 2. 1 – Plan of “Swamp settlements”. 1 – Zhankent (from the fund of the Zhankent archaeological expedition); 2 – Kesken kuyuk kala (after: [Tolstov 1947: 63]); 3 – Kuyuk kala – after Tolstov 1947: 64

Рис. 2. 1 – План «Болотных городищ». 1 – Жанкент (из фонда Жанкентской археологической экспедиции); 2 – Кескен куюк кала (по: [Толстов 1947: 63]); 3 – Куюк кала (по: [Толстов 1947: 64])



«батпақтағы қалалар» санын арттырып отыр (3-сур). Ал 2022 ж. тамыз айында Жанкент тұрғындарының қорымын іздеу мақсатында оғыз дәуірімен мерзімделетін Ұзынтам, Бегім ана мұнаралары төңірегінде ізденіс жұмыстары іске асты.



3-сур. Жанкент маңындағы ірі қалашықтар мен мұнаралы ескерткіштер.
Орындаушы Ә.Ә.Тәжекеев. © Google

Fig. 3. Large settlements and tower monuments near Zhankent. Performer A.A. Tazhekeev. © Google

Рис. 3. Крупные городища и башенные памятники близ Жанкента. Исполнитель А.А. Тажеев. © Google

Барлау жұмысының мақсаты – археологиялық ескерткіштерді есепке алу, картаға түсіру, географиялық координаттарын анықтау және фотофиксация жасау болды. Ескі арналар мен обалар орнын анықтау мақсатында зерттелген аймақтар дрон арқылы әуеден суретке түсірілді. Айта кету керек барлау алдында зерттеу аймағы жайлы ғылыми әдебиеттерге толық шолу жұмыстары жасалып, маршрут картасы дайындалды. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Жанкент қаласының маңында орналасқан ескерткіштерге толық сипаттама жасалынып, сақталған деректер бойынша қорытындылар жасалынды.

2.2 Материалдар (Сұлтанжанов Ж.Қ.)

Қара төбе (Қарауыл төбе) қала-жұрты – Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Абай ауылының шығысында, Жанкент қала-жұртынан солтүстік-шығысқа қарай 20 км жерде, Сырдария арнасының сол жағалауында орналасқан (4-сур).

Ескерткіш төбе (шамамен 6–7 м) түрінде сақталған. Жоспары бесбұрышты, қалашықтың шығыс бөлігі кеңдеу келген. Осы бөлігінде пішіні тіктөртбұрышты, көлемі 50×50 м цитаделі орналасқан. Жалпы қалашықтың көлемі шамамен 200×150 м тең. Қалашықтың беткі қабатынан



4-сур. Қара төбе қалашығының әуеден көрінісі. © Google
Fig. 4. Aerial view of the settlement of Kara tobe. © Google
Рис. 4. Вид с птичьего полета городища Кара тобе. © Google

оғыз кезеңінің (Жанкент) қыш ыдыстарын кездестіруге болады. Ескеркіш шамамен IX–XI ғғ. мерзімделеді.

Асар төбе қала-жұрты Жанкент ауылынан оңтүстікке қарай 18 км (Қазалы ауд., Қызылорда обл.), Жанкент қала-жұртынан оңтүстікке қарай 17,5 км жерде, Сырдарияның ескі арнасы (Ескідариялық) бойында орналасқан (5-сур). Ескерткіштің оңтүстік бөлігі Аралдың тартылған табаны болса, солтүстік бетінде 750 м жерде ескі арна ізі жатыр. Оңтүстік іргесінде суы сақталған көлшіктер бар. Қала-жұрттың құрылымы жетіасар мәдениеті ескерткіштеріне ұқсас, яғни, бірнеше қабаттан тұратын, пішіні шеңберлі, бекіністі үлкен үй құрылысына жатады. Мысалы, Алтын-асардың «Үлкен үйі», Бидайық-асар, Жол-асар, Томпақ-асар қала-жұрттарына ұқсас. Қала құрылысының оңтүстік бөлігі биіктеу келген (шамамен 6–7 м), солтүстік бөлігі (1-қабаты) шамамен 4–5 м-ге тең.

Беткі қабатынан аздап қыш ыдыстар сынықтары кездеседі. Ескерткішті шамамен ерте ортағасырлар кезеңімен мерзімдеуге болады.

2022 ж. тамыз айында Ұзынтам және Бегім ана мұнаралары маңында барлау жұмыстары жүрді. Бұл мұнаралар Жанкент қала-жұртынан шалғайда орналасқанымен ғалымдар оғыз кезеңі сәулет ескерткіштеріне жатқызады [Ибраев 1980: 40–44; Байтенов 1985: 45–46; 2007; Қожа 2014: 390–399]. Орта Азия мен Қазақстанда мұндай мұнаралар сирек кездеседі. Бұл мұнаралар жайлы көптеген ғылыми мақалар болғанымен салыну себебі, сәулеттік ерекшелігі, орналасу (Арал теңізіне жағалауы) т. б. мәселелер бойынша жауабы жоқ сұрақтар бар (6-сур).



5-сур. Асар төбе қалашығының әуеден көрінісі. © Google

Fig. 5. Aerial view of the settlement of Asar tobe. © Google

Рис. 5. Вид с птичьего полета городища Асар тобе. © Google

Ұзынтам мұнарасы – Жанкенттен солтүстік-батысқа қарай 45 км жерде орналасқан. Ол шаршы пішінді қам кесектер мен (22–23×22–23×5–5,5 см) күйдірілген кірпіштерді араластыра отырып тұрғызылған. Негізінің диаметрі – 7,30 м, биіктігі – 10 м, қабырғасының қалыңдығы – 1,7 м-ді құрайды.

Ескерткіш қазіргі кезде қатты қираған, өзінің алғашқы кескінін жоғалтқан кіреберіс ойығы солтүстік-шығысқа бағытталған. Қазіргі кезде кіреберіс ойығы орналасқан қабырғаға қарама-қарсы бетте үлкен саңылау пайда болған. Жоспарында дөңгелек тәріздес болып келген мұнара жоғарыға қарай тарыла түседі. Мұнара ішінде парабола кескінді күмбез камерасы бар. Шамасы, бұл бөлме күйдірілген кірпішпен қапталса керек. Мұнараның парапеті өзінің алғашқы бейнесін жоғалтқан. Ескерткіштің жанында қазақ қорымдары бар [Тәжекеев, Сұлтанжанов 2018: 239–246]. Қайта барлау барысында оғыз кезеңіне қатысты обалар іздері табылмады.

Белгілі архитектор Е.М. Байтеновтың пікірінше, Ұзынтам мұнарасы Орта Азиядағы «мұнаралы кесенелер» атауымен белгілі ескерткіштердің прототипі болып есептеледі.

Бегім ана мұнарасы – Жанкент қала-жұртынан солтүстік-батысқа қарай 56 км қашықтықта, ескерткіш төңірегінен биіктеу жайдақ төбеде орналасқан. Қам кесектен тұрғызылған Бегім на мұнарасы шаршы пішінді күйдірілген кірпіштермен (23×23×5/6 см) қапталған. Мұнара сегіз қырлы, жоғары қарай тарылған – ол, сегіз қырлы кесілген пирамида іспетті күмбезбен жабылған. Мұнара діңі ортасына дейін монолитті, одан жоғары тас төбелік үлкен тесігі бар жоспарында дөңгелек күмбезді камера орналасқан. Бұл бөлмеге ескерткіш биіктігінің ортасында орналасқан аркалы ойық апарады. Камераның жоғарғы бөлігі күйдірілген кірпіштермен қапталған, камераның үстінде еңкішті парапетпен қоршалған алаңша бар. Қазіргі кезде ескерткішке жөндеу жұмыстары жүргізілген, бірақ, өкінішке қарай оның алғашқы нобайынан ешқандай элемент сақталмаған [Тәжекеев 2017: 498–500].



1



2

б-сур. 1 – Ұзынтам мұнарасы; 2 – Бегім ана мұнарасы. Суреттерді түсірген Ж. Сұлтанжанов

Fig. 6. 1 – Uzyntam Tower; 2 – Begim ana Tower. Photo by Zh. Sultanzhanov

Рис. 6. 1 – Башня Узынтам; 2 – Башня Бегим ана. Фото Ж. Сұлтанжанова

Қайта барлау жұмыстары барысында Бегім ана мұнарасынан солтүстік-батысқа қарай 11 км жерде, ескі арна бойында Токмақ шатқалы деп шартты атау берілген құмды төбе үсті зерттелді. Әуеден обаға ұқсас үйінділер желдің әсерінен пайда болған төбелер болып шықты. Мысалы, Жанкенттің іргесіндегі төбені жергілікті халық Мыңтөбе атап кеткен, дегенмен бұл обалар емес қарапайым табиғи төбешіктер. Жанкент қорымы ашық тақырып болып қала береді. Алдағы далалық зерттеу жұмыстары кезінде биыл қамтылмаған аймақтарға барлау жұмыстары ұйымдастырылатын болады.

3 Нәтижелер мен талдау (Тәжекеев Ә.Ә., Сұлтанжанов Ж.Қ.)

VII ғ. Арал маңы керамикалық кешені тұрғысынан төмендегідей аймақтарға бөлінеді: Оңтүстік Хорезм (солтүстік-шығысындағы мал шаруашылығымен айналысатын өңірмен тығыз байланыста болған афригид мәдениеті), Әмударияның оң жағалауындағы солтүстік Хорезм – Кердер аймағы (кердері мәдениеті), екі ауданға бөлінетін Шығыс Арал маңы: ежелгі Қуандария мен Ескідариялық арналарындағы жетіасар кешені және қазіргі арнаға жақын, Сырдарияның сол жағалауындағы «батпақты қалалар» ауданы. Бұл аймақтар мен аудандардың барлығы тығыз мәдени және этникалық байланыста болған деп айтуға болады.



Сырдарияның төменгі ағысында б.д. I мыңж. тұрақты, өзіндік ерекшелігі бар мәдениет өркендеген. Жетіасар I және II кезеңдерінде (б.д. I мыңж. жартысы) Ортаңғы Сырдария аудандарындағы мәдениеттерден (Отырар-Қаратау, Қауыншы) басқа көршілес аймақтармен тығыз байланыста болғандығын көреміз. Тұрғын санының көп болуына, өмір сүруге ыңғайлы факторларға байланысты, сол уақытта жергілікті жерді, яғни Сырдарияның төменгі алқабын мекен етіп қалуы мүмкін. Сол уақытта Жетіасар мәдениетінің территориясы барынша ұлғайып, Әмударияның оң жағалауы мен Сырдария өзені арасындағы аудандарды қамтып, жетіасарлық тұрғындардың үлкен бөлігі осы аймақтарға көшеді. Л.М. Левинаның пікірінше, Жетіасар III кезеңінде (VI–VII ғғ.) Жетіасар шатқалындағы ескерткіштердің басым көпшілігі өмір сүруін тоқтатады [Левина 1996: 5–9; 1997: 3–14].

Үшінші кезеңнің аяғында Жетіасар шатқалы шөлге айналып, жетіасар мәдениеті Сырдарияның төменгі ағысында жойылады. Бірақ, Жетіасар шатқалының солтүстік-батысында, қазіргі Сырдарияның сол жағалауында Сортөбе I, II сияқты қалалар өмір сүруін жалғастырып [Құрманқұлов және т. б. 2011: 27–32], Арал теңізінің шығыс маңында Кескен-күйік қала, Күйік қала, Жанкент, Қарауыл төбе (Қара төбе), Асар төбе сияқты, яғни, «батпақты қалалар» қалыптаса бастайды.

4 Қорытынды (Тәжекеев Ә.Ә., Сұлтанжанов Ж.Қ.)

Жанкент маңының тарих-географиялық келбеті қазіргі уақытта қатты өзгерген. Ежелгі қоныстар, жерлеу орындары, суландыру жүйелері мен егістік алқаптар үстіне мыңдаған гектар күріштік және бақшалық алқаптар, ірі магистралды каналдар мен жүздеген арықтар (жап) түскен. Тек ірі қалашықтар мен сәулеті бар құрылыстар сақталған. Соған қарамастан барлау жұмыстары жақсы нәтиже беріп отыр. Жанкенттің солтүстік-шығысында орналасқан Қара төбе қалашығы арқылы сауда жолының келгенін байқауға болады. Қорқыт ата қорымы (Жосалы маңы) жанындағы Ордазы қалалар тобынан (Сортөбе 1–3) шыққан керуен Байқоңыр маңындағы Жігіт қала (Тас өткел), Майлыбас өткелі маңындағы Қорғаншы қалашықтары (керуен сарай) арқылы Қара төбеге және Жанкентке өткен.

Енді Жанкент қорымына келсек, ол қала-жұрт маңында болуы мүмкін, бірақ, ескерткіштің шығысы мен батысынан бірнеше каналдар өтіп, егістік алқаптар түсіп кеткен. А.И. Макшеевтің дерегінде: «Жанкенттен батысқа қарай бірнеше шақырым жердегі қорым бар және жергілікті халықтың айтуынша онда Дәулібай, Мыңтай, Дәке және Саян батырлар жерленген. Қорымда басым бөлігі күйдірілген кірпіштен тұрғызылған жиырмаға жуық ірі жартылай қираған тамдар (авт. – жерлеу құрылыстары) бар. Кейбір қырғыздардың (авт. – қазақтар) айтуынша бұл Жанкентке тиесілі, тіпті, бұл жерде хандар жерленген, ал кейбіреулерінің пайымдауынша осы жерде Жанкенттен де үлкен қала болған» [Макшеев 1856: 516–517]* (*аудармасы авт.). Бұл дерек Жанкент іргесіндегі Алтын Орда кезеңімен мерзімделетін Мыңтөбе қалашығы болуы да ықтимал.

Қуандария, Ескідария және Сырдария өзендерінің Арал теңізіне құяр маңы, яғни, Жанкент қала-жұрты оазисі көне заманнан тұрақты сауда, Орта Азия және Қазақстан аймағындағы көшпенділерінің мәдени және этникалық қарым-қатынас, сонымен қатар, көшпенділер өркениеті мен ортаазиялық отырықшы оазистерін байланыстырған аймағы болған. Осы жерде атақты сауда жолдарымен (әсіресе Ұлы Жібек жолы) бірге, тарихи миграция жолдары және олардың өзіндік тоғысу іздері жатыр.



ӘДЕБИЕТ

- 1 Байпаков К.М. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследований ЮККАЭ). Кн. II. Урбанизация Казахстана в IX – начале XIII в. Алматы: ИА КН МОН РК, 2013. 514 с.
- 2 Байпаков К.М., Воякин Д.А. Города Приаралья: Дженд, Асанас, Барчкент // Вестник МИЦАИ. 2009. Вып. 10. С. 26-33.
- 3 Байпаков К.М., Воякин Д.А. Ильин Р.В. Города Хувара и Янгикент – старая и новая столицы государства огузов // Вестник МИЦАИ. 2012. Вып. 12. С. 22-44.
- 4 Байтенов Э.М. Загадка башни Узун-там и другие памятники Приаралья // Памятники истории и культуры Казахстана. Алматы: Казахстан, 1985. С. 45-46.
- 5 Байтенов Э.М. Казахские мунара // Архитектурное наследие. М.: Стройиздат, 1990. Вып. 37. С. 335-344.
- 6 Байтенов Э.М. Мунара Бегим-ана // Свод памятников истории и культуры РК. Кызылординская область. Алматы: Аруна, 2007. С. 281-282.
- 7 Ибраев Б.А. Космогонические представления наших предков // Декоративное искусство СССР. 1980. № 8. С. 40-44.
- 8 Кожя М.Б. Об огузских постройках долины р. Сырдарья // Маргулановские чтения–2014: м-лы Междунар. науч.-практ. конф., посвящ. 110-летию академика А.Х. Маргулана. Алматы; Павлодар: Ғылыми қазына, 2014. С. 390-399.
- 9 Құрманқұлов Ж., Аржанцева И.А., Тәжекеев Ә.Ә. Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы оғыз қалалары: Жетіасар мәдениетімен байланысы // Қорқыт Ата ат. Қызылорда мемл. ун-тінің Хабаршысы. 2011. № 2. 27-32-бб.
- 10 Левина Л.М. Этнокультурная история Восточного Приаралья (в I тыс. до н.э. – I тыс. н.э.) // Этнографическое обозрение. 1997. № 2. С. 3-14.
- 11 Левина Л.М. Этнокультурная история Восточного Приаралья (в I тыс. до н.э. – I тыс. н.э.). М.: Восточная литература, 1996. 396 с.
- 12 Макишеев А.И. Описание Низовьев Сырдарья // Морской сборник издававшийся морским ученым комитетом. Т. XXIII. № 9. СПб.: тип. Императорской Академии наук, 1856. С. 448-527.
- 13 Тәжекеев Ә.Ә. Бегім ана мұнарасы // Қазақстанның киелі орындарының географиясы. Табиғат, археология, этнография және діни сәулет өнері нысандарының тізілімі. Алматы: ҚР БҒМ ҒК АИ, 2017. 498-500-бб.
- 14 Тәжекеев Ә.Ә. Ортағасырлық Жанкент қала-жұрты маңындағы ескерткіштердің орналасуы мен мерзімі жайлы деректер // Әл-Фараби ат. Қазақ Ұлттық ун-тінің Хабаршысы. Тарих сер. 2011. № 2 (61). 74-79-бб.
- 15 Тәжекеев Ә.Ә., Сұлтанжанов Ж.Қ. Ортағасырлық оғыздардың сәулет өнері туралы // Әл-Фараби ат. Қазақ Ұлттық ун-тінің Хабаршысы. Тарих сер. 2018. № 1 (88). 239-246-бб.
- 16 Толстов С.П. Города гузов // Советская этнография. 1947. № 3. С. 55-102.
- 17 Толстов С.П. По следам древнехорезмийской цивилизации. М.; Л.: изд-во АН СССР, 1948. 326 с.
- 18 Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М.: изд-во Вост. лит., 1962. 323 с.

REFERENCES

- 1 Baipakov, K. M. 2013. *Drevnyaya i srednevekovaya urbanizaciya Kazahstana (po materialam issledovaniy Yuzhno-Kazahstanskoy kompleksnoy arheologicheskoy ekspedicii). Kniga II. Urbanizaciya Kazahstana v IX – nachale XIII v. (Ancient and medieval urbanization of Kazakhstan (based on research materials of the South-Kazakhstan complex archaeological expedition). Book II. Urbanization of Kazakhstan in the 9th – the beginning of the 13th century)*. Almaty: MIA Publ. (in Russian).
- 2 Baipakov, K. M., Voyakin, D. A. 2009. In: *Vestnik Mezhdunarodnogo instituta Tsentralnoaziatskih issledovaniy (Bulletin of IICAS)*, 10, 26-33 (in Russian).
- 3 Baipakov, K. M., Voyakin, D. A., Il'in R. V. 2012. In: *Vestnik Vestnik Mezhdunarodnogo instituta Tsentralnoaziatskih issledovaniy (Bulletin of IICAS)*, 12, 22-44 (in Russian).
- 4 Baitenov, E. M. 1985. In: *Pamyatniki istorii i kultury Kazahstana (Monuments of history and culture of Kazakhstan)*. Almaty: “Kazakhstan” Publ., 45-46 (in Russian).



- 5 Baitenov, E. M. 1990. In: *Arhitekturnoe nasledstvo (Architectural heritage)*, Issue 37. Moscow: “Strojizdat” Publ., 335-344 (in Russian).
- 6 Baitenov, E. M. 2007. In: *Svod pamyatnikov istorii i kultury RK. Kyzylordinskaya oblast (The official list of Historical and Cultural monuments of the Republic of Kazakhstan. Kyzylorda Region)*. Almaty: “Aruna” Publ., 281-282 (in Russian).
- 7 Ibraev, B. A. 1980. In: *Dekorativnoe iskusstvo SSSR (Decorative art of the USSR)*, 8, 40-44 (in Russian).
- 8 Kozha, M. B. 2014. In: *Margulan readings – 2014*. Almaty; Pavlodar: “Gylymi kazyna” Publ., 390-399 (in Russian).
- 9 Kurmankulov, Zh., Arzhantseva, I. A., Tazhekeyev, A. A. 2011. In: *Korkyt Ata atyndagy Kyzylorda memlekettik universitetynyn khabarshysy (Bulletin of Korkyt Ata Kyzylorda State University)*, 2, 27-32 (in Kazakh).
- 10 Levina, L. M. 1996. *Etnokul'turnaya istoriya Vostochnogo Priaral'ya (v I tys. do n. e. – I tys. n. e.) (Ethno-cultural history of the Eastern Aral Sea region (in the 1st millennium BC - 1st millennium AD))*. Moscow: “Vostochnaya literatura” Publ. (in Russian).
- 11 Levina, L. M. 1997. In: *Etnograficheskoe obrozrenie (Ethnographic Review)*, 2, 3-14 (in Russian).
- 12 Maksheev, A. I. 1856. In: *Morskoy sbornik izdavavshiyasy mosrskim uchennym komitetom (Marine collection published by the Marine Scientific Committee)*, XXIII, 9. Saint Petersburg: “Tipografiya Imperatorskoj Akademii Nauk” Publ., 448-527 (in Russian).
- 13 Tazhekeyev, A. A. 2011. In: *Al-Farabi atyndagy Kazakh Ul'tyk universitetinin khabarshysy. Tarih seriyasy (Bulletin of al-Farabi Kazakh National University. History series)*, 2 (61), 74-79 (in Kazakh).
- 14 Tazhekeyev, A. A. 2017. In: *Kazakstannyn kieli oryndarynyn geografiyasy. Tabigat, arheologiya, etnografiya zhane dini saulet oneri nysandarynyn tizilimi (Geography of sacred places in Kazakhstan. Register of objects of nature, archeology, ethnography and religious architecture)*. Almaty: MIA Publ., 498-500 (in Kazakh).
- 15 Tazhekeyev, A. A., Sultanzhanov, Zh. K. 2018. In: *Al-Farabi atyndagy Kazakh Ul'tyk universitetinin khabarshysy. Tarih seriyasy (Bulletin of al-Farabi Kazakh National University. History series)*, 1 (88), 239-246 (in Kazakh).
- 16 Tolstov, S. P. 1947. In: *Sovetskaya etnografiya (Soviet ethnography)*, 3, 55-102 (in Russian).
- 17 Tolstov, S. P. 1948. *Po sledam drevnekhorezmiyskoy tsivilizatsii (In the footsteps of ancient Khorezmian civilization)*. Moscow; Leningrad: “USSR Academy of Sciences” Publ. (in Russian).
- 18 Tolstov, S. P. 1962. *Po drevnim deltam Oksa i Yaksarta (Along the ancient deltas of the Oxus and Jaxartes)*. Moscow: “Vostochnaya literatura” Publ. (in Russian).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.
/ Раскрытие информации о конфликте интересов. Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов.
/ Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 19.09.2022.
Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 26.09.2022.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 26.09.2022.

